



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

2025 – 2026 оқу жылында жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығымен бекітілген Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2025-2026 оқу жылында жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы (бұдан әрі – Президенттік олимпиада) республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) (Ғ.Қ. Тұрсынов) 2025 жылғы 30 қарашаға дейін Астана қаласында бұрын республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға қатыспаған 11(12) сынып оқушылары арасындағы Президенттік олимпиаданың іріктеу және республикалық кезеңдерін ұйымдастырсын және өткізсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (келісу бойынша), «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (келісу бойынша) және республикалық білім беру ұйымдарының басшылары:

1) қатысушылар мен командалар жетекшілерінің Астана қаласына уақытылы келуін қамтамасыз етсін;

2) Президенттік олимпиаданы өткізу барысында және жолда (бару және қайту кезінде) қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін (жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу, медициналық қызмет көрсету, күзет пен тәртіпті сақтау, көлік қауіпсіздігін бақылау, ілесіп жүру, тамақтандыру);

3) Жолда (бару және қайту кезінде) және Президенттік олимпиаданы өткізу барысында санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың сақтау шараларын қабылдасын.

4. «Дарын» РҒПО:

1) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне үшінші кезеңді өткізуге дейін 10 күн бұрын Президенттік олимпиаданың үшінші кезеңіне қатысушылардың тізімін ұсынсын;

2) Президенттік олимпиаданың қазылар алқасының жұмысын академиялық адалдықты сақтай отырып ұйымдастырсын.

5. Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін дербес жауапкершілік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қ.Б. Жұмашевқа және «Дарын» РҒПО директоры Ғ.Қ.Тұрсыновқа жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министрі М.Т. Мелдебековаға жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі**

Ғ. Бейсембаев

Согласовано

16.09.2025 16:25 Еришева Сара Беккужевна

16.09.2025 16:56 Жумашев Каныбек Бекболатович

16.09.2025 17:11 Акитаева Гульден Бериковна

16.09.2025 17:12 Кожеева Жанар Зикраевна

16.09.2025 17:52 Мелдебекова Майра Турганбаевна

Подписано

18.09.2025 09:58 Бейсембаев Гани Бектаевич

